

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
№4 Өндірістік жиналыс хаттамасы

Өткізілген күні: мамыр айы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар, медбике, шаруашылық меңгерушісі, кіші қызметкерлер

Тақырыбы: Жылдық қорытынды

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу жылының нәтижесін талдау.
2. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың қорытындысы.
3. Үздік педагогтер мен қызметкерлерді марапаттау.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мәселелері.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Ол жыл бойы оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілгенін атап өтті. Балалардың қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайту, сапалы білім беру және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғаны айтылды. Жыл ішінде өткізілген мерекелік іс-шаралар, ашық оқу іс-әрекеттері, ата-аналармен бірлескен жұмыстар, экологиялық акциялар мен патриоттық тәрбие бағытындағы жобаларға талдау жасалды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тілдік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінгені атап өтілді. Меңгеруші оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби белсенділігі артқанын айтты. Педагогтер семинарлар, шеберлік сыныптары, әдістемелік кеңестерге белсенді қатысып, өз тәжірибелерімен бөліскені айтылды. Сонымен қатар, инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы жақсарғаны атап өтілді. Балалардың қатысымы мен даму мониторингінің қорытындысы бойынша көптеген тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалдарды жақсы меңгергені анықталғаны айтылды. Дегенмен, кейбір балалармен жеке түзету жұмыстарын жалғастыру қажеттігі көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша:

Шаруашылық меңгерушісі әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың қорытындысы туралы есеп берді. Балабақша ғимаратының тазалығы,

санитарлық талаптардың орындалуы, қауіпсіздік техникасының сақталуы тұрақты бақылауда болғаны айтылды. Жыл ішінде топ бөлмелерін жаңарту, ойын алаңдарын жөндеу, жиһаздарды бекіту, қауіпсіздік бұрыштарын толықтыру жұмыстары жүргізілгені баяндалды. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі, электр құралдарының жарамдылығы және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша тұрақты бақылау жүргізілгені атап өтілді. Медбике тарапынан балалардың денсаулығын сақтау, тамақ сапасын бақылау, жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілгені туралы ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша: Әдіскер Саттыкова Айшат Акылбековна педагогтердің жылдық жетістіктеріне талдау жасап, белсенділік танытқан педагогтерді атап өтті. Ашық оқу іс-әрекеттерін жоғары деңгейде ұйымдастырған, балалармен шығармашылық жұмыстар жүргізген және ата-аналармен тығыз байланыс орнатқан педагогтердің жұмысына оң баға берілді. Жиналыс барысында үздік педагогтер мен белсенді қызметкерлер марапатталды. Оларға алғыс хаттар мен мадақтамалар табысталды. Марапаттау кезінде олардың оқу-тәрбие процесіне қосқан үлесі, балалармен нәтижелі жұмыстары және кәсіби жауапкершілігі ерекше аталып өтті. Педагогтер өз кезегінде ұжымдық қолдау мен бірлескен жұмыстың маңызын айтып, алдағы уақытта да кәсіби шеберліктерін арттыруға дайын екендерін білдірді.

Төртінші мәселе бойынша: Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мәселелері қарастырылды. Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігі, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, аула тазалығы мен көгалдандыру жұмыстары талқыланды. Тәрбиешілерге жазғы серуендер мен ойындарды қауіпсіз ұйымдастыру, су және құммен ойнау ережелерін сақтау, балалардың денсаулық жағдайына ерекше бақылау жүргізу тапсырылды. Жиналысқа қатысушылар оқу жылының нәтижесіне қанағаттанарлық баға беріп, ұжымдық жұмыстың тиімді болғанын атап өтті. Сонымен қатар, келесі оқу жылында балалардың тіл дамыту, экологиялық тәрбие және қауіпсіздік бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Шешім:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру тапсырылсын.
3. Үздік педагогтер мен қызметкерлерді марапаттау дәстүрі жалғастырылсын.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары күшейтілсін.

5. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шаралары тұрақты бақылауда болсын.
6. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар жоспарға енгізілсін.

Төрайым: Балабақша басшысы Шокпарова К.Т
Хатшы: Уксикбаева Жанаргул Алишовна